



Газет 1932 жылдан
бастап шығады

Atameken



ЖАМБЫЛ АУДАНДЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ БАСЫЛЫМ

www.atamekengazeti.kz



Атамекен Газеті



@atameken_gazeti



atameken1932@bk.ru



№ 3 (6098)

22 қаңтар,
сенбі, 2022 жыл

• Аудан әкімінің бір күні

ҚҰРЫЛЫСТАҒЫ САПА МЕН ҚАРҚЫН...



атындағы орта мектепке де «Бауыр Құрылыс» ЖШС күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізуде. Мектептің шағыры жаңартылып, ішкі едені, жылу және электр жүйесі ауыстырылмақ. Сонымен қатар ішкі қабырғалары қайта әрленіп, сыртқы қабырғасы жылу ұстайтын қаусырмамен қапталады. Қазіргі кезде сыртқы қоршауын ауыстыру, айналасын реттеу жұмыстары жүргізіледі. Ал жазғы демалыс кезінде негізгі жұмыстар қолға алынады.

Мектеп директоры Ержан Тастановтың айтуынша бұл мектеп 180 оқушыға арналған меже бойынша салынған.

Жуырда аудан әкімі Нұрлан Ертас Ұзынағаш ауылында салынып жатқан көпқабатты 3 үйдің құрылыс жұмыстарымен танысты.

Ол құрылыс алаңын аралап, жұмыс қарқыны тым баяу жүріп жатқанын сынға алды.

– Қазір ауылда жұмыссыз жүрген азаматтар баршылық. Көбі дәнекерлеуші, электрлік және құрылысқа икемді жігіттер. Неге соларды жұмысқа тартпайсыздар? Ауыл азаматтары қалаға жұмыс іздеп сабылғанша, осында істесе дұрыс болмай ма. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес біз қазір барлық округтегі бос жұмыс орындарын анықтап жатырмыз, – деді аудан әкімі өз сөзінде.

Құрылысты жүргізіп жатқан «Талас Құрылыс» ЖШС басшылығы бұл кемшіліктерді түзетуге уәде берді.

Айта кететін жайт, осы көпқабатты үйлердің құрылысы биыл тамыз айының соңында аяқталады деп күтілуде.

Бұдан кейін Нұрлан Ертасұлы Тарғап орта мектебінде жүргізіліп жатқан құрылыс жұмыстарына назар аударды.

«Бауыр құрылыс» ЖШС күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізген Тарғап орта мектебінде жөндеу жұмыстары негізінен аяқталуға жақын. Наурыз айында мектепке керекті жиһаздар орналастырылады.

Нұрлан Ертасұлы мектептің ішкі әрлеу жұмыстарының сапасына зер салып, барлық



кабинеттерді аралап шықты. Сонымен қатар, аудан әкімінің орынбасары Абзал Нұрпейісовке мектептің айналасындағы қажетсіз нысандар мен ескі ағаштарды ретке келтіруді тапсырды.

Аудан басшысы Самсы ауылына да аялдады. Осы елді мекенде 1977 жылы салынған Т.Сәрсенбеков

Жыл сайын халықтың табиғи өсімі артып, былтыр даярлық сыныбының саны екіге жетсе, биыл үш сынып болуы ықтимал. Қазір мектепте 380 оқушы білім алуда. Мұғалімдер саны – 34. Шәкірт санының артуына байланысты бұл мектептің келешекте үш ауысымға көшуі мүмкін деген болжам бар.

Б.АЙТАЛЫ.

Полиция подполковнигі ОМАРОВ Айдар Әбдікерімұлы аудандық полиция бөлімінің бастығы болып тағайындалды.

Полиция бөлімінің жаңа басшысы



Айдар Омаров – 1984 жылы желтоқсанның 22-де Оңтүстік Қазақстан облысы, Созақ ауданының Шолаққорған ауылында туған.

Білімі – жоғары. 2006 жылы Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетіне түсіп, заңтану мамандығын алған.

Еңбек жолын 2010 жылы Талғар аудандық ішкі істер бөлімінің стажері болып бастаған.

2010-2014 жылдары Талғар аудандық ішкі істер бөлімінде жедел іздестіру бөлімшесінің жедел уәкілі; 2014 жылы Іле аудандық криминалдық полиция басшысының орынбасары; 2014-2016 жылдары Қапшағай қаласының уақытша қамап-ұстау тергеу бөлімшесінің басшысы; 2016-2018 жылдары Талғар аудандық криминалдық полиция бөлімінің бастығы; 2018-2019 жылдары Талғар аудандық полиция бөлімі бастығының бірінші орынбасары; 2019-2020 жылы Алматы облысы, Еңбекшіқазақ аудандық полиция бөлімі бастығының орынбасары; 2020 жылы Алматы облысы, Панфилов және Еңбекшіқазақ аудандарында полиция бөлімі бастығының орынбасары қызметінде болды.

2021 жылғы желтоқсанның 28-нен бастап Алматы облысы полиция департаментінің № 931-ж/к бұйрығына сәйкес Жамбыл ауданы полиция бөлімінің бастығы лауазымына тағайындалды.

Оңтайландырылған бөлімдер және тағайындаулар

Әлемдік тәжірибе көрсеткендей, жалпы бюджет саясаты мемлекеттік шығыстардың көлемі ел дамуының стратегиясына, мемлекеттің кірістерді қайта бөлудегі рөліне, әлеуметтік бағдарлану дәрежесіне және жүргізілетін әлеуметтік саясатқа байланысты.

Оңтайландыру реформасының негізінде 2022 жылдан бастап аудандағы 13 мекеме өзара қосылып, 7 мекемеге дейін қысқарды.

Бұл реформаның негізгі мақсаты қаржы үнемдеу ғана емес, сонымен қатар оңтайландыру. Соның нәтижесінде халыққа көрсететін қызметтің сапасын арттыру. Яғни, қызмет көрсетуші мен қызмет алушының арасында сыбайлас жемқорлыққа жол ашатын байланысты болдырмауға қол жеткізу.

Қысқару нәтижесінде аудандық ауыл шаруашылығы бөлімі мен жер қатынастары қосылып, «Жамбыл ауданының ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі» болып өзгертілді. Бөлім басшысы болып **БАЗАРБАЕВ Жанғали Мұратбекұлы** тағайындалды. Ал, бұрынғы аудандық жер қатынастары бөлімінің

басшысы Сұлтанов Азамат Жақсылықұлы – Жамбыл ауданының ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлім басшысының орынбасары болды.

Аудандық экономика және бюджетті жоспарлау бөлімі мен қаржы бөлімі қосылып, «Жамбыл ауданының экономика және қаржы бөлімі» болып бекітілді. Оның басшылығына **КЕЛДІБЕКОВА Ләйлә Қаракүшікқызы** тағайындалды. Ал, бұрынғы қаржы бөлімінің басшысы Тоқтағұлова Гүлнар Бекенқызы Жамбыл ауданының экономика және қаржы бөлімі басшысының орынбасары болды.

Бұрынғы аудандық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары мен аудандық тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы және тұрғын-үй инспекциясы бөлімдері қосылып, «Жамбыл ауданының тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын-үй инспекциясы» болып аталды. Оның басшылығына **ИБРАИМОВ Данияр Қайратұлы** тағайындалды.

Әбсейітов Қайсар Бекмырзаұлы – Жамбыл ауданының тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі, автомобиль жолдары және тұрғын-үй инспекциясы бөлімі басшысының орынбасары болды.

Жамбыл ауданының құрылыс бөлімі мен аудандық сәулет және қалақұрылыс бөлімі қосылып, «Жамбыл ауданының құрылыс, сәулет және қалақұрылыс бөлімі» болып бекітілді. Оған **ӘКЕҒҰЛОВ Марат Нәбиұлы** басшы болып тағайындалды.

Аудандық ішкі саясат бөліміне аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі мен аудандық дене шынықтыру және спорт бөлімі қосылды. Жаңа атауы – «Жамбыл ауданының ішкі саясат, мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөлімі». Бөлім басшысы болып **МЕДЕУОВА Айтгүл Жұмағалиқызы** тағайындалды.

ҚАРЫМБАЕВ Жақсылық Сұлтанұлы Жамбыл аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы, **ЖЕКЕБАЕВ Марлен Мұңлықұлы** аудандық кәсіпкерлік бөлімінің басшысы болып бұрынғы қалпында қалды.

Аудан әкімінің баспасөз қызметі.

